



ГАЗ ТАРТУ БАҒАСЫ
АРЗАНДАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ӨТІНІШТЕР ЕСКЕРУСІЗ
ҚАЛМАЙДЫ

5-БЕТ | ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ



ӘЛЕМ ЕКІГЕ
БӨЛІНЕ МЕ?

6-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Өмірбек БАЙГЕЛДІ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ:

БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ ҮШІН АЛЫСЫП, ШЫНАЙЫ ЕҢБЕК ЕТКЕН, МАҢДАЙЫҢ ТЕРІН ТӨККЕН ӘР АЗАМАТЫМЫЗҒА РАҚМЕТ АЙТУЫМЫЗ КЕРЕК. БІЗ БАРЛЫҒЫМЫЗ БІР-БІРІМІЗГЕ РАҚМЕТ АЙТУЫМЫЗ КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ БҰЛ ҮШІН СЫРТТАН КЕЛІП, БІРЕУ БІЗГЕ РАҚМЕТ АЙТПАЙДЫ. ЕНДІ КЕЛЕШЕКТЕ КІМ БОЛУЫМЫЗ, ҚАНДАЙ БОЛУЫМЫЗ – БІЗДІҢ ӨЗІМІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА. БАҚЫТТЫҢ ЖОЛЫ – БІРЛІКТЕ, БАЙЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ – ТІРЛІКТЕ. БҰРЫНҒЫДАЙ ЕМЕС, АЛДЫМЫЗ АШЫҚ, ҚОЛ-АЯҒЫМЫЗ БОС. ЕНДІ БІЗ ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ АЗАМАТЫМЫЗ!

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№36 (4160) Сейсенбі 30 наурыз 2021 жыл

Нұр-Сұлтан

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ



ПРЕЗИДЕНТ БЕЙНЕҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықаралық қарыз архитектурасы және өтімділік» атты жоғары деңгейдегі жиында бейнеүндеу жасады. Мемлекет және Үкімет басшылары деңгейіндегі онлайн форумды өткізуге БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Канада және Ямаиканың премьер-министрлері Джастин Трюдо мен Эндрю Холнесс бастамашыл болды. Жиын БҰҰ-ның веб-сайты арқылы тікелей эфирде өтті.



ТЫҢ ИГЕРУ: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

Тың игеру Қазақстан тарихындағы жете зерттелмеген, күнгейі мен көлеңкесі қатар жүретін аса өзекті тарихнамалық мәселе болып тұр. 1950-1970 жылдары 1314 қазақ мектебі жабылып, қазақ тілінің қолданылу аясы тарыла бастады. Қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, 1962 жылы 29 пайызды құрады.

7-БЕТ




«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



ЖЕТІМІН ЖЕБЕГЕН ЕЛ ЕДІК

Қазір Нұр-Сұлтанда 2767 жетім бала баспана кезегінде тұр. Бұл балаларға Ұлы Отан соғысы ардагерлері, көпбалалы аналармен қатар бірінші кезекте тұрғын үй берілуі тиіс. Тиісті заң бойынша қалада жыл сайын пайдалануға беріліп жатқан тұрғын үйлердің 20 пайызы жетім балаларға берілуі керек. Қазір бұл көрсеткіш 30 пайызға жеткізілді. Үш жыл ішінде оларға 248 пәтер берілсе, өткен жылы еншілеріне 121 пәтер тиген.

5



Елорданың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыздығына және КВИ ауруының өсуіне байланысты Нұр-Сұлтан қаласында карантиндік және шектеу шараларын қатаңдату туралы жаңа қаулыға қол қойды.

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Қол қойылған құжатқа сәйкес СОО, СО және т. б. жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін қысқартылады. Сонымен қатар, бұл нысандардың демалыс күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады. Бұдан басқа, 9, 11 (12) сынып оқушыларын қоспағанда, барлық студенттер, сондай-ақ қала оқушылары қашықтан оқытуға көшеді. Қоғамдық тамақтану объектілеріне

демалыс күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады, бұл шектеуге жеткізу жұмыстары мен алып кету тапсырыстары кірмейді. Естеріңізге сала кетейік, Нұр-Сұлтан қаласы 10 наурыздан бастап эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «қызыл аймаққа» орналасқан. Күн сайын қалада коронавирустық инфекцияның 300-ден астам жаңа жағдайы

анықталады. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан КВИ ауруының өсуіне жол бермеу үшін санитарлық нормалар мен карантиндік режим талаптарын қатаң сақтау талап етіледі. Жаңа қаулы 30 наурызда күшіне енеді. Құжаттың толық мәтінімен мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://astana.gov.kz/kz/news/akty_akima_akimata/26697



ҚАБЫЛДАУ – ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА

Бірінші сынып оқушыларының құжатын қабылдау 1 сәуірде басталып, 1 тамызға дейін жүргізіледі.

«1 сәуірден бастап барлық қазақстандық мектепте келесі оқу жылына 1-сыныпқа қабылдау үрдісі басталады. Баласын бірінші сыныпқа беруді жоспарлаған ата-аналар құжаттарын өткізе беруіне болады. Бірінші сыныпқа қабылдау электронды форматта жүргізіледі. 1-сыныпқа алты жасар және биыл 6-ға толатын балаларды қабылдайды. 2021-2022 оқу жылы 1-сыныпқа 340 мыңнан аса бала қабылдау жоспарланып отыр» деді Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каримова.

Құжаттарды egov.kz арқылы тіркеуге болады. Қажетті құжаттар: ата-ананың өтініші (немесе оларды алмастыратын тұлғалар), баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, «Бала денсаулығы паспорты» және 3x4 көлеміндегі 2 фото.

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА БІРІНШІ
КОМПОНЕНТ БОЙЫНША

10861

АДАМ ВАКЦИНАЦИЯ-
ДАН ӨТТІ

БАС ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТУГЕ БӘРІМІЗ ҚАТЫСАЙЫҚ!

Бас қала әкімі Алтай Көлгінов бұған дейін Birge платформасының іске қосылғаны туралы хабарлаған еді. Онда көпшілік елорданы дамыту бойынша ұсыныстарын жібере алады.

– Біз ұсыныстарды бірнеше бағыттарға бөлдік. Апатты жағдайдағы ескі үйлер, экология, газдандыру, көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктер, көшелерді жарықтандыру, жануарларды қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, білім беру, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, көлік және т. б. санаттар бар, – деді Алтай Көлгінов Instagram парақшасында.

Қазіргі кезде осы Birge сайтына 40 күн ішінде (<https://birge-elorda.kz/nur-sultan>) қала тұрғындарынан 240-тан астам ұсыныс түскен. Олардың қатарында бірыңғай студенттік карта құру және жаңа қоғамдық кеңістіктер ашу, көлік, ТКШ салаларына ақылды технологияларды енгізу және т. б. бар.

Бастапқы кезеңде 30-ға жуық ұсыныс іріктеліп, олар бойынша дауыс беру іске қосылды. Онлайн-дауыс беруге қоғамдық кеңістік, ТКШ, білім беру, бизнес, экология, жануарларды қорғау, көшелерді жарықтандыру, көлік, урбанистика – қалалық орта, туризм, мәдениет, әлеуметтік сала сияқты санаттар ұсынылған. Сол бойынша әркім өзіне ұнайтын идеяға дауыс бере алады. Нәтижесінде қала тұрғындарының көпшілі-



гі қолдаған идеялар жүзеге асырылады. Алғашқы 30 жоба бойынша онлайн-дауыс беру 19.03-19.04.2021 аралығында ашылды. Алтай Көлгінов қала тұрғындары қаланы

одан әрі дамыту бойынша өз ұсыныстарын қалдыра алатынын айта келіп, «Бәріміз бірлесіп елордамызды одан да жайлы ете аламыз!» деген ұран тастады.

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУ ЖЕҢІЛДЕДІ

Елордада автобус жолақысын Transcard мобильді қосымшасымен төлеуге болады.

Android және iOS платформаларындағы Transcard мобильдік қосымшасы жаңартылды. Бұл туралы City Transportation Systems компаниясының баспасөз қызметі хабарлады.

QR-код арқылы жол ақысын төлеу және электрондық билет сияқты жаңа функциялар қосылған.

«Негізгі» ретінде тіркелген көлік картасы үшін келесі функциялар қолжетімді:

- теңгерімді тексеру және толтыру;
- соңғы 10 күн бойынша жасалған сапарлар туралы ақпарат алу;
- картаны бұғаттау және жою;
- «теңгерім аудару» функциясы жақын арада қолжетімді болады.

«Қосымша» карта үшін: теңгерімді тексеру, көлік картасын толтыру.

«Сондай-ақ тіркелу әлдеқайда жеңілдетілді. Енді тек аты-жөніңізді, телефон нөміріңізді, ЖСН көрсету қажет. Толық тіркелу үшін жеке куәліктің және көлік картасының фотосуреттерін бекіту керек. Деректердің сәйкестігін тексергеннен кейін модератор аккаунтты белсендіреді» делінген хабарламада.

Transcard мобильді қосымшасын Play Market пен App Store арқылы жүктеуге болады.



ОН МЫҢ АДАМ ЕКПЕ АЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов онлайн брифингте халықты вакцинациялау қалай жүріп жатқанын айтты.



«Халықты коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау жалғасуда. Бүгінде бірінші компонент бойынша 1861 адам вакцинациядан өтті, екінші компонент 3024 адамға салынды. Оның ішінде медициналық қызметкер – 4836, мұғалімдер – 1945, созылмалы аурулары бар адамдар – 1071, құқық қорғау органдарының қызметкерлері – 1207, басқа топтағылар – 1802» деді басқарма басшысы. Оның айтуынша, екпе алғаннан кейін денсаулықтың қатты асқыну жағдайлары болған жоқ.

«36 алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында бірінші және екінші компоненттерге арналған 2 вакцинация бөлмелері, вакцинациядан кейін пациенттерді бақылауға арналған куту бөлмелері тұрақты режимде жұмыс істейді. Барлық емханаларда тоназытқыш қондырғылары, вакциналарды қоймадан екпе салу мекеніне тасымалдауға арналған термиялық контейнерлер бар. Вакциналар барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай сақталады» деді Тимур Мұратов.

ЖҮРУ КЕСТЕСІ ӨЗГЕРДІ

Карантиндік шектеулерді қатайту туралы жаңа қаулыға сәйкес, бүгіннен бастап қалалық қоғамдық көліктің жұмысына өзгеріс енгізілді.

«Қалалық қоғамдық көліктің жұмыс кестесін жұмыс және сенбі күндері штаттық режимге сәйкес, ал жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру қажет. Жексенбі күні дезинфекциялық жұмыстар жүргізіледі» делінген қаулыда.

Жолаушылардың қоғамдық көліктерге маскасыз кіруіне тыйым салынады. Ал жолақысын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы ғана төлей алады.



ВАРШАВА

Польша бар назарын ядролық энергетикаға аударды. Варшаваның энергетикалық стратегиясы бойынша 2040 жылға қарай ел аумағында алты энергоблогы бар екі АЭС салу жоспарланған. Ресми Варшава бұл жұмыстарды 2026 жылдан қалдырмай бастап кетуді көздейді. Алғашқы реактор 2033 жылы, соңғысы одан кейін он жылдың ішінде пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Еуроодақтың мүшесі ретінде Польша климаттың бұзылуына жол бермеу үшін энергияның баламалы көздерін дамытуға міндеттеме алған. Сонымен қатар қазіргі күні елдегі энергияның 70 пайызы көмірмен жағылатын электрстансаларда өндіріледі.



ДЖАКАРТА

Джакарта – бұл аймақ-шуы көп, қатты газдалған және көшелерінде қашанда көлік кептелісі тұнып тұратын мегаполис. Дегенмен сонысына қарамастан, Джакартаға жылдың қай мезгілі болса да туристер көптеп келеді. Ява аралының бас халықаралық әуежайы осы қалада орналасқан. Индонезияға ТМД елдерінен жетудің ең арзан тәсілі де осы – әуе жолы. Ел астанасында әлемдегі ең үлкен будда шіркеуі Боробудур мен Прамбанан ең ежелгі шіркеулер кешені орналасқан. Аралдағы көптеген жанартаулар мен ұлттық саябақтар және басқа да даңқты орындар келушілердің көзін арбап, өзіне еріксіз тартады.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ



– Барлық озық елдердің астанасы сияқты біздің бас қаламыздың да өз мәртебесіне сай жылдан-жылға жасанып, әдеміленіп келе жатқаны қуантады. Әлбетте, қаланың сыртқы көркі ғана емес, оның инфра-құрылымының жетілуі мен әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері жұмыстарының көпшілікке қолайлы, сапалы және қолжетімді болуы маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, қаланың ішкі аудандарына ғана емес, шеткі аймақтарына қаншалықты көңіл бөлінуде?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:



– Бізде 16 тұрғын үй алаптары бар. Онда қаланың әрбір төртінші тұрғыны тұрады. Оларды инженерлік инфрақұрылым, абаттандыру, жол инфрақұрылымы, әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына қатысты сұрақтар толғандырады. Сондықтан біз тек қаланың орталық бөліктеріне ғана емес, шеткі

аудандарды да дамытуға көп көңіл бөлеміз. Мәселен, былтыр тұрғын алаптарда 104 көшеге асфальт төселіп, 40-тан астам қоғамдық кеңістік (саябақтар, скверлер, бульварлар), аулалар абаттандырылды. Бірқатар әлеуметтік нысан салынды, оның ішінде мектептер де бар. Бұл жұмыс жүйелі түрде жалғасатын болады.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Темір ҚҰСАЙЫН, елорда тұрғыны:

– Бас қаламызда жыл сайын халық саны артып келеді. Тұрғындар санының артуымен бірге мектептерде оқушыларға орын жетіспеушілігі туындауы заңды. Осыған байланысты мектептердегі орын тапшылығын азайту үшін қандай жұмыстар жасалып жатыр?

Бұл сұраққа «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ жауабын ұсынамыз:

– Нұр-Сұлтан қаласында жыл сайын кемінде 10 мектеп салынады. 2020 жылы 2019 жылға қарағанда пайдалануға берілген мектептер саны екі есеге көп. Былтыр 11 білім мекемесі бұрын мектеп болмаған тұрғын алаптарда салынды. Балалар бұрын ол жерлерде оқуға бейімделген ғимараттарда

оқыған. Жаңа ғимараттардың салынуы ұш ауысымды мектептер санын 8-ден 4-ке қысқартуға мүмкіндік берді.

– Бұдан бөлек, бірқатар мектеп қазандық жылытудан орталықтандырылған жылытуға көшірілді. Бұл мектептердің жылуы үшін жыл сайын 100 млн теңге үнемдеуге мүмкіндік береді. 2021 жылы 16 ірі габаритті мектептер салынып болады. Бұл қосымша 40 мың орын ашуға мүмкіндік береді.



АСТАНА АУДАНЫ



Сарыарқа ауданындағы Әзірбайжан Мәмбетов көшесін биыл жазғы жаяу жүргіншілер көшесіне айналдыру жоспарланып отыр.



Бұл көшемен демалыс күндері автомобильдермен жүруге тыйым салынады. Демалыс күндері жол жақ бөлікте фестиваль, жәрмеңке, перформанс өткізілетін болады. Көшеде антиквариат сататын базар мен гастрономдық тәтті-дәмділер саудасы ұйымдастырылады.

Мерекелік-салтанаттық кештер, той-томалақтар шығыстық сипатта, ұлттық құндылықтарды

насихаттау мақсатында өткізу жоспарланып отыр. Мейрам күндері ұлттық асхана, қолөнершілер жәрмеңкесі, туристік экскурсиялар және көңіл көтеру шаралары жүргізіледі. Жалпы мерекелік салтанаттарды нақты қандай элементтермен байыту керек екені Урбанистика орталығында тұрғындардың қатысуымен әлі пысықтала түсетін болады.

ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ №1



ЖЕТІМІН ЖЕБЕГЕН ЕЛ ЕДІК

amangali.kalzhan@mail.ru

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БАСТЫ МӘСЕЛЕ – БАСПАНА

Бұл мәселеге қалалық мәслихаттың осының алдындағы VI шақырылым депутаттары да ерекше көңіл бөлгендерін айта кету керек.

Бұл мәселеге қалалық мәслихаттың осының алдындағы VI шақырылым депутаттары да ерекше көңіл бөлгендерін айта кету керек.

Оның айтуынша, жетім балаларды баспанамен қамтуды қарастыратын жеке комиссия құру жоспары болған.

ТҮРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

«Астана SOS» балалар ауылының директоры Зәуреш Арыстанованың мәлімдеуінше, мекеме 2017 жылдан бері екі бағытта жұмыс істеп жатыр.

Оның айтуынша, балалар ауылына 17 тәрбиеленуші отбасы тіркелген.

Жетім балалар қоғамда жақсы бейімделу үшін бізге жыл сайын бір-екі пәтерден беріледі деген тілегіміз бар.

Жақында Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары К.Аденауэр атындағы қордың Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің директоры Йоханнес Раймен кездесті.



Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында ата-ана қамқорлығынсыз қалған, белгілі бір отбасылар асырап алған немесе қорғаншылық, қамқоршылық, патронат жолымен тәрбиелеп жатқан жетім балалардың жағдайы қаралды.

бала болса да кезекке қоя алмаймыз. Кейінгі жылдары бізге ерекше қажеттілігі бар балалар көп түсіп жатыр.

– 2019 жылы тәрбиеленушілерімізге бірден 67 пәтер берілді. Бірақ былтыр бір ғана пәтер тиді.

Қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Әнуар Саиповтың дерегінше, қазір 2767 жетім бала баспана кезегінде тұр.

– Рас, заң бойынша адамды тұрғын үй кезегіне қою үшін ол кемінде үш жыл елордада тұруы тиіс.

Қалалық мәслихат депутаты Ләззат Разбекова-Төлеуханова жаңа тұрғын үйлердің 30 пайызы жетім балаларға беріліп жатқанына сенбеді.



Себебі қоғамға бейімделулері қиын болады, – дейді Д.Жекебаев.

ЖИЫРМА ЖЫЛ КҮТЕ МЕ?

Елордада 29 жасқа толмаған жетім балалардың саны – 2748. Оның есебінше, олардың бәрін қамтуға баспанамен қамту уақыты 20 жылға созылады.

басқармасы мәслихаттың алдағы отырысында бәрін есептеп, нақты жауап беретін болды.

Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев депутат дұрыс мәселе көтеріп отыр деп есептейді.

– Жетім балаларды баспанамен қамтуда екі проблема бар. Оның біріншісі – 20 пайыздық квотаны өңірлердің бәрі сақтамайды.

Мәслихат депутаты Азамат Айтхожин қараусыз қалған балаға көмек берді.

– Құқық қорғау қызметкерлерімен бірге «Астана SOS» балалар ауылына Әділет Сапарбек деген баланы орналастырдық.

Мәслихат депутаты Нұрдаулет Оразхановтың мәліметінше, елордада 29 жасқа толмаған жетім балалардың саны – 2748.

– Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына қоятын сұрақ көп. Әрине, бас қалада тұрғын үй кезегінде 40 мыңнан аса адам тұр.

жөнінде болжам жасау керек. Жетім балаларға келсек, жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үйлердің 20 пайызы оларға беріледі екен.

БАЛА АСЫРАП АЛУДА КЕДЕРГІ КӨП

Жетім бала егер мемлекеттік қасіпорын немесе мемлекеттік мекемеден жұмыстан шықса, онда тұрғын үй кезегінен алынады.

Осыдан екі жыл бұрын елорданың балалар үйі мен көмілеттік жасқа толмаған балаларды бейімдеу орталығы қосылып, өмірдің күрделі жағдайларына түскен балаларды қолдау орталығы құрылды.

– 14 жасқа дейінгі балаларды қалада тіркей алмаймыз. Бір проблемамыз – осы. 2019 жылы 28 түлегіміз, былтыр 55 бала, ал биыл әзірге 13 түлек баспанаға не болды.

Мәслихат депутаты Динара Оразалина бала асырап алу мәселесін көтерді.

– Дәрігер ретінде бедеулік мәселесін және қаншама ата-ана бала асырап алғысы келетінін жақсы білемін.

Қаланың мамандандырылған балалар үйінің директоры Сәуле Кенжебаеваның айтуынша, елімізде 2017 жылдан бері асырап алуға жататын балалардың электронды базасы жұмыс істейді.

Алда ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар мәселесі қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлесіп отырысы мен кезекті сессиясында қаралады.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының VII шақырылым депутаттары сайлау өте салысымен жұмысқа белсенді кірісті. Екі айдан аса уақыт ішінде қала тіршілігіне қатысты әралуан мәселелерді қарап, сессияларда бірқатар маңызды құжаттарды бекітті.

ӨТІНІШТЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

– «Депутатқа сұрақ қой» айдары арқылы сайлаушылар кез келген депутатқа хат жазып, мәселесін жеткізе алады.

Бұдан басқа депутаттардың сайлаушыларды дәстүрлі қабылдау шаралары да өтіп жатыр.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың алғашқы онлайн-қабылдауына алты адам қатысты.

Ал қалалық мәслихат хатшысының осы қызметке кіріскелі тұрғындарды бірінші тікелей қабылдауы Nur Otan партиясы қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында ұйымдастырылды.

Өзге де депутаттар өздеріне бекітілген сайлау учаскелеріндегі сайлаушылармен кездесіп жатыр.

«Үркер» тұрғын алабына бекітілген депутат Назгул Мақжановаға осы елді мекендегі ұялы және интернет байланысының нашарлығына қатысты шағым келіп түсті.



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов мәртебелі қонақты мәслихаттың жұмысымен, құрылымымен, тұрақты комиссиялармен және атқарушы билік пен қала тұрғындарымен өзара байланыс деңгейімен таныстырды.

дық шаруашылық, экология, жол және тұрғын үй құрылысы салаларындағы технологияларды дамыту тәжірибесі біздерді қызықтырады, – деген қалалық мәслихат хатшысы қор директорымен өзара байланыс деңгейімен таныстырды.

Неміс тарапы қаланың даму тәжірибесін зерттеу үшін мәслихат депутаттарын Германияның бірнеше қалаларының заң шығару жиналысына қатысуға шақырды.

закстандағы өкілдігінің қызметінде маңызды орын алады. Қазақстан Үкіметінің шақыруымен елімізде 2007 жылдан бері жұмыс істеп жатқан қордың басқа басым бағыттары – экология, саясат, энергетика, білім беру және журналистика мәселелері.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
Нұр-Сұлтан қаласы 10.03.2021 №11/2-VII

«Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы»
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 553/77-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 104-бабының 5-тармағына, 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 151009 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде 2021 жылдың 5 қаңтарында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:
«1. Нұр-Сұлтан қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 482 571 983 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 324 923 599 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 2 410 835 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 24 200 000 мың теңге; трансферттер түсімдері бойынша – 131 037 549 мың теңге; 2) шығындар – 476 693 559,7 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 25 957 128 мың теңге, оның ішінде:

- бюджеттік кредиттер – 25 957 140 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 8 214 921 мың теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің атынан /қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 26.03.2021 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізімінде №2-1-1313 болып енгізілді

қаржы активтерін сатып алу – 8 214 921 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – (-28 293 625,7) мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 28 293 625,7 мың теңге; 7) қарыздар түсімдері – 25 399 502 мың теңге; 8) қарыздарды өтеу – (-40 301 877) мың теңге; 9) бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 43 196 000,7 мың теңге.»; шешімнің 4-тармағы келесі редакцияда баяндалсын: «4. Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті атқарушы органының 2021 жылға арналған резерві 4 001 000 мың теңге сомасында бекітілсін.».

Аталған шешімге 1,4,6,9,12,15-қосымшалар осы шешімге 1,2,3,4,5,6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын. 2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы А.Табұлдина

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Е.Каналимов «КЕЛІСІЛДІ»

«Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» (ӘЖБҚБ) мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Маңқараев

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы №11/2-VII шешіміне 1-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 553/77-VI шешіміне 1-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының 2021 жылға арналған бюджеті

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы мың теңге. It lists various budget categories and their corresponding amounts.

Table with columns: Функционалдық топ, Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, Бағдарлама, Атауы, Сомасы, мың теңге. It details functional groups and budget programs.

Main budget table with columns: ID, Description, Amount. It contains a comprehensive list of budget items and their values.

